

# Бабалар ізімен...

**Бұл сапарымның басталуына жазушы - Қ.Исабаевтың "Шоң би" романы түрткі болды. Осы романда суреттелген жер-су атаулары, тарихи тұлғалар есімі жасымыздан естіген әңгіменің жалғасындай еді. Себебі, бізге етене дүние баба ізі қалған қасиетті жер деп ұқтық.**

Би ағам жұмсағаннан кейін Ботақара бауырына келсем, жігіттер ұзындығы бір қарыстан тал кесіп алып, шидай (қалқан) тоқып отыр. "Е, бұларың не ермек?" деп ойладым да, оның жауынан ертеңінде таптым: Осы Тұрар жігіттерді ертемен оятып, тоқылған білегіне орай салды. Оны басқа жігіттер де жасады... Тұрар басын изеп қойды. Шоң оған ризашылықпен қарады...

(Серт. II кітап, 274-бет. Қ.Исабаев)

Менің аталарым атақты Шорман тұқымымен қоңсы болған. Ет жақын, рухани туыстық қатынаста болған, Жыланды-Керегетас бабам есімімен аталатын жер қыстау атауы бар екенін әкемнен талай естуші едім. Өне-мінемен жүрдік. Туыстардың той-томалақтарында Қайрош есімді жездей ол жердің әлі де солай аталатынын бірнеше рет айтқан болатын.

СТЫМ.

Кешке Қайрекеңнің сойған малының басын мүжіп отырып өткенге көңіл жібердік. Өрине, өткен дегенде Қайрекеңнің ғұмыр беттері.

- Біз Омбы жақтан 1962 жылы оралдық. Аштық кезінде әкем Мақу ағайындарымен ауса керек ол жаққа. Сегіз бітірген соң, оқуды қойып, әкемнің қойшы таяғын ұстадым. Яғни, 1969 жылы осы Керегетаста қой бақтым. Е, оған, дейін Топай деген жерде болғанбыз. Ол жерді шешендерге беріп, басшылар әкемді осында жұмсады...

Апайымыз Рысты екеуі 1973 жылы отау құрды. Бір ұл, бес қызды дүниеге келтірген. Бәрін де құтты орнына қондырған (ұлынан басқа). Бір-екі жыл бұрын қыстың қаталдығынан 30 шақты қой-ешкі, 10-15 ірі малы жұтқа ұшырапты. Қалған аз-маз тұяқтарына шүкіршілік етіп отыр.

Ертеңіне діттеген мақсатты жолымызға түстік. Қайрекең қыстауынан күн батысқа қарай еппен жылжудамыз. Түнде жарқылдаған еді, ескі жолдың ойпаң тұстарын су алып қалыпты.

Орта жолда ескі қорымға жолықтық. Жолбасшымың айтуынша бұл - Қайыр бейіті деп аталады екен. Кім екенін білмеймін руы - Алтынторы - дейтін үлкендер. Осы қорымнан 4-5 шақырым асқан соң жарқ етіп менің бабамның қыстауы көрінді.

Міне, Шыныбек қорасы - деді ол кісі дауыстап. Жанжағын еңселі жоталармен көмкерген ат шаптырым алап менің бабамның атымен

Сонымен, кітап әсері, баба алдындағы ұрпақ парызы бойымызға жігер беріп, жолға шықтық. Біздің облыс жолы аяқталған соң, (Үміткер ауылынан әрі) ойқы-шойқы жолдың селкілімен сапарымыз жалғасты. Жолай әр зираттың тұсына аялдап, құран бағыштау әдет қой. Күн еңкейе Сәтбаев ауылына тоқтадық. Мұндағы жиен апам Рымтай төтенің дәмін аттамай аялдадық. Апайым ақ жол тіледі.

Келесі күні сәскеде Керегетас тауының іргесінде орналасқан Қайрош жездей жайлауына ат басын іріктік. Жездей мал бағуда екен. Қызы Нұргүл емен-жарқын қарсы алды. Бал татыған қымыз дәмімен шаршаңқы дене дуылы тарқап кеткендей.

Жайлау маңынан қозыкеш жердегі ескі қорымға беттедім. Мұнда әулие бабам Көшербай жерленіпті. Жүрегім өрекіп, тақалдым. Өзім білетін Құран аяттарын мақамдадым. Одан қайта келігіме келіп, қорқа-қорқа қос құлпытасты суретке тарттым. Онда былайша жазылды:

Бақсыбайұлы Көшербай Абыз әулие (1797-1892). Ардақты ата! Қасиетімен еліне қадірлі болған "Әулие баба" атанған халқыңа, құрметтейміз бүгінде, бас иеміз әрқашан қадірлі, қасиетті, ардақты әруағыңа!

Өр ұрпағыңа шапағатың тисің! Халық емшісі Болатұлы Серік және шәкірттерінен (2008 ж).

Мен Жыланды-Керегетас деп қосарлана аталған тау сілемдерінен баба ізін іздедім кәнігі шеберлерше суретке ба-

әлі күнге аталады екен. Жота саласының аңғары ертеректе бұлақ не су ағар болғандай. Ауқымды жердің дәл ортасында бұйралана өскен шілік басқан. Өкінішке орай, бір-екі жыл бұрын өртке шалдығып, бірсыпыра ағаш жанып кетіпті.

Ескі үйдің (қораның) орны, таспен қаланған бейіттер бұл жердің бір уақта біраз елге мекен болғанын көрсетеді. Жүрегім елжіреп, баба қонысына іштей бәйіт айттым. Тікелей Қараашы тарттық. Жолай Бозшакөлді, Шорманның сорын тамашаладық. Тарихи адамдар қоныстанған жерлерде менің атам да болған, о кісілер де солардан тәлім алған - ау деген мақтаныш сезімі ұялады.

Шынында, атам Спатай (Шыныбектіңұлы) Шорманның Исасының ұлы Шахзынданың ақылшысы әрі дауларын орындаушы қызметінде болыпты. Оның інісі - Мырза әнші әрі ақын болған. Дауысы жеті қырдан асатын дейді көнекөздер. Солардың ұрпағы мен де осал емеспін-ау деп қояйыншы мен өзіме.

Өйткені "Шоң би" кітабынан Жанақ ақынның "Баянауыл" өлеңін оқыдым. Өлең - менің әніммен үндесті.

Келесі бағыт - Баянаула. Газет бетіне бөгде елдің, жұрттың тамашасын суреттеу мақсатымен қалам тербедім.

Жас ұрпақты шет елдің жылтырағымен емес, бабалар аманатымен тәрбиелеген жөн. Бұл кезек - Шу, қаракөгім, мен баба аманатын арқалаған бір балаң, оң сапар бер деп, Қайрекеңмен қоштасып, селкілдек жолмен әсем Баянға бет түзедім.

**Қ.ШЫНЫБЕКТЕГІ**